

¹ А.Ә. Мақсұтова *, ² Ш.Б. Тілеубаев

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
E-mail: albina_kzt83@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: Shamek_09@mail.ru

М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ-И-РАШИДИ» ДЕРЕКТЕРІНІҢ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада XIV ғасырдан XVI ғасырдың орта шеніне дейінгі екі жүз жылдық тарихи кезеңді қамтыған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасының ортағасырлық тарихтың деректік көзі ретіндегі маңызы талдауға алынған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидинде» басынан кешкен оқиғалар және түрлі адамдардан естіген әңгімелеріне ғана жүгінбей, көптеген көрнекті тарихшы-ғалымдар, жағрафия ілімінің даналары, сопылардың трактатарына дейін назараударып, оларды молынан пайдаланған. Дарынды тарихшы шығармасында өзіне дейін өмір сүрген және замандас қаламгерлердің де саналуан кітаптары мен қолжазбаларын ой елегінен өткізіп керек жерде дәйекте меле р келтіріп отырған. Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық тарихи, әдеби, мемуарлық еңбегін жазуда пайдаланған түрлі дерек көздерін сөз еткенде ондай еңбектердің авторлары мен олардың өмір деректері, шығармаларының мән-маңызына, М.Х. Дулатидің ол деректерді пайдалану себептеріне де мақалада талдау жасалынады. Қазақ тарихына қатысты, ру-тайпалық құрылымы. Жер-су атаулары мен қазақ хандығының түрлі мәселелері және хандардың шежіресі Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің негізгі өзегі болып табылады. Мақалада осы мәселелердің деректік маңызы кешенді түрде қарастырылып, негізгі тұжырымдары талданады.

Тірек сөздер. Мұхаммед Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди, дерек, ортағасыр, тарих, шежіре, моғол, парсы.

¹Мақсұтова А.А. *, ²Тілеубаев Ш.Б.

¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
E-mail: albina_kzt83@mail.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан
E-mail: Shamek_09@mail.ru

МЕСТО ИСТОЧНИКОВ «ТАРИХ-И-РАШИДИ» М.Х. ДУЛАТИ В ИСТОРИИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Аннотация

В данной статье анализируется значение труда Мухаммада Хайдара Дулати «Тарих-и Рашиди» как источника средневековой истории, охватывающего период в двести лет с XIV века до середины XVI века. Не только события описанные в материалах «Тарих-и Рашиди» Мухаммада Хайдара Дулати но и рассказы, услышанные им от разных людей, и труды многих выдающихся историков, географов, трактаты суфиев было широко применено для написание такого важного произведения. В произведении талантливого историка он цитирует различные книги и рукописи, существовавшие до него и современники. «Тарих-и Рашиди» г-на Хайдара является классическим образцом использования классической истории, литературы и мемуаров. При написании классицистического исторического, литературного, мемуарного труда Мырза Хайдара «Тарих-и Рашиди» в различных источниках анализируются авторы и источники его жизни, также в статье анализируются причины использования этих документов. Родоплеменное устройство, относящееся к казахстанской истории. Родословная ханов и различные проблемы Казахского ханства и названия земель являются основным ядром труда мырза Хайдара «Тарих-и Рашиди». В статье комплексно рассматривается источниковое значение этих проблем, анализируются основные выводы.

Ключевые слова. Мухаммад Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди, данные, средневековье, история,

генеалогия, монгол, перс.

¹Maxutova A.A.*, ²Tleubayev Sh.B.,

¹Taraz Regional University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

E-mail: albina_kzt83@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Leading researcher at the Institute of History and Ethnology
named after V.I. Ch.Ch.Valikhanova, Almaty, Kazakhstan

E-mail: Shamek_09@mail.ru

«TARIH-I-RASHIDI» BY M.Kh.DULATI AS A SOURCE IN THE HISTORY OF THE MIDDLE AGES

Abstract

This article analyzes the significance of the work of Muhammad Haidar Dulati "Tarih-i Rashidi" as a source of medieval history, covering a period of two hundred years from the XIV century to the middle of the XVI century. Not only the events of Muhammad Haidar Dulati's "Tarih-i Rashidi" and the stories he heard from various people, but also the works of many eminent historians, geographers, and the tracts of the Sufis. The history of the book is based on the books and manuscripts of many historians who lived before him and in the law. Where there is a need to skip. Mr. Khaydar's "Tarih-i Rashidi" is a classic example of the use of classical history, literature, and memoirs. Speaking about the sources, the authors of these works, the directors of their lives, the essence of their works, M.Kh. The article also analyzes the reasons for the use of these documents.

Keywords. Muhammad Haidar Dulati, Tarikh-i Rashidi, data, medieval, history, genealogy, Mongol, Persian.

Кіріспе. Тарихи құнды деректердің арасында ортағасырлық Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінің орны ерекше. Қазіргі таңда Қазақстанның тарих ғылымының әлемдік аренаға тартылуына орай зерттеудің тың бағыттарын басшылыққа алу міндеттері туындағаны белгілі. Міне, осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу негізіне алған тақырыбымыз деректі тарихнамалық талдауға алу бағытындағы жаңашылдығы бар болып табылады.

Мақаланы жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық.

«Тарих-и Рашиди» – XIV ғасырдан XVI ғасырдың орта шеніне дейінгі екі жүз жылдық тарихи кезеңді, яғни Орта және Алдыңғы Азия халықтарының басынан кешкен бірнеше ғасырлық саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік оқиғалардың даму, өзгеру және жаңару құбылыстарын жеткілікті деңгейде сипаттайтын энциклопедиялық сипаттағы ұлы шығарма. Осынау маңызы зор, баға жетпес тарихи әрі әдеби-ғұмырнамалық жәдігердің жанрлық табиғаты, стильдік ерекшеліктері мен поэтикалық құнары әлі күнге шейін толық саралаудан өтіп, ғылыми тұрғыдан оның әдебиетке қатысты тұстары түгелдей екішеліп, сөз өнерінің талаптарына сай өзіндік бағасын алмаса да, Мырза Хайдар Дулаттың бұл кітабы соңғы ғасырларда көптеген ғұлама тарихшылар мен оқымысты филологтарды таңырқатқан ғажайып көркем туынды ретінде де әлем жұртшылығына танылды. Шынында да «Тарих-и Рашиди» – тарихи шығарма, ғылыми тұрпатта жазылған ғұмырнамалық баян екендігі даусыз. Дегенмен, аталған еңбектің жанрлық ерекшеліктері туралы біраз ойланып, ізденетін жақтары да жоқ емес. Өйткені бүгінге дейін қазақ ғалымдарының көпшілігі шығарманың тарихи мән-мағынасына баса назар аударып келеді. Солардың бірі әдебиеттанушы Ш.Елеукенов: «Қазақстан тарихына қатысты жайларды солтүстікте Қадырғали Жалаири баяндап берсе, оңтүстікте тарихымыздың және бір маңызды беттерін Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде төгілтіп жазып берді» деп жазған. Әрине, тәжірибелі ғалым тарихи шығарма туралы деректеме бере отырып, автордың замана халін жай ғана сипаттап қоймай, «төгілтіп жазып бергенін» сүйсіне баяндайды. Мұның өзі зерттеуші тарапынан Мырза Хайдар мұрасының оқырманға заманауи оқиғалар мен қоғамдық-саяси бағыттағы мәліметтер берумен шектелмей адамға аса қажетті эстетикалық қуаты мен жан дүниесіне әсер етерлік көркемдік құнары бар толыққанды шығарма екендігін тұспалдайды. Міне, жоғарыда аталған жайттар бұл еңбекке деген тарихнамалық талдауды қажет етеді. [1, 19]

Әдістеме. «Тарих-и Рашиди» шығармасының жанры туралы сөз болғанда ежелгі әдебиет тарихының маманы профессор Н.Келімбетовтың: «Жанрлық тұрғыдан келгенде, «Тарих-и Рашиди» – ғылыми еңбек, әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі, сондай-ақ, тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды» деген пікірінің жаны бар. [2, 86]

Мырза Хайдар өз еңбегінде халқымыздың наным-сеніміне, салт-дәстүріне, күнделікті тіршілігіне, тарихы мен мәдениетіне қатысты қазіргі кезге дейін сол күйінде, сол мағынасында пайдаланып келе жатқан жүзден аса қазақ сөздерін пайдаланған. Әр сөздің өзіндік философиясы, өзіндік мағынасы бар екені мәлім. Демек, әрбір сөздің өзіндік ұғымы, өзіндік жүктемесі бар. Автордың қазақ сөздерін еш өзгеріссіз, аудармасыз қолдануының өзі әдебиет тарихы мен тіл тарихын зерттеушілерге үлкен ой салатындығы белгілі. Мырза Хайдар қолданған түркі халықтарына ортақ түркі-шағатай әдеби тілінің сөздік қорында қазақ сөздерінің молдығы сол тілдің бірден-бір мұрагері қазақ халқы екендігін аңғартады. Автор нақты өмір құбылыстарын, олардың белгілі бір ортақ немесе дара ерекшеліктерін, заңдылықтарын көркем баяндайды. Оларды талдап, саралап, тиісті жерінде пікір түйіп, өз ойларын да ұсынып отырады. Ол өзі көрген, естіп не оқып білген өмір құбылыстарын тұтасып, жалғасып, өзара байланысып, сабақтасып жатқан күйде әңгімелейді, суреттейді, болған оқиғаның, істің сипатын, маз-мұнын, мезгілі мен мекенін, себебі мен салдарын, орындалу амалы мен құралын, пәнін т.б. көрсетеді. Сөйтіп солардың бәрін оқырманның көз алдына елестетеді. Сондықтан «Тарих-и Рашиди» ортағасыр тарихы бойынша баға жетпес тарихи дерек көздері әрі тарихи танымдық маңызы зор әдеби көркем шығарма болып табылады. «Тарих-и Рашидидің» тарихи дерек көзі болуы оның тарихи танымдық әдеби шығарма ретіндегі құндылығына көлеңке түсірмейді. Мұның өзі «Тарих-и Рашидидің» әдеби шығарма ретіндегі жанрлық табиғатынан туып жатқан ерекшеліктер қатарына жатады» деп толыққанды да тамаша түйіндеп бағамдайды [3, 12].

Түркі дәуірі мен өркениеті бірнеше жылдар бойы тарихшылар тарапынан еуроцентристік көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Түркі кезеңі негізінен ұзақ уақытты қамтиды. Олардағы мәдениеттің, оның ішінде, ғылым мен білім сияқты рухани мәдениеттің дамуы соңғы уақыт-тарда ғана өзінің оң бағасын алып келеді. Түркі халықтарындағы руханият өзінің эволюциясында әрбір кезең сайын жалғасын тауып отырды. Көне Сақ заманындағы Грек жеріне әйгілі болған Анахарсистен бастап, XIX-XII ғасырлардағы мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі түркі ойшылдарының бір топ легімен жалғасын тауып, кейіннен, Алтын Орда және оның ыдырау кезеңіндегі ойшылдармен келіп сабақтасып, одан соң, түркі халықтары әр түрлі хандықтар мен жеке мемлекеттер құрып тұрған кезінде де руханияттық деңгейін паш етіп келді. Бірақ олардың кейбірі, парсы, араб халықтарына телінді. [4, 201]

Қазіргі таңда түркі халқының рухани деңгейі өзінің шынайы бағасын алған сәтте, олардың идеялары мен ашқан жаңалықтарын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, ұлт руханияты мен ұлттық кодты қайта жандандыруға қарай бет бұрып, рухани жаңғыру қажеттігіне сәйкес рухани тұрғыдан өркендеу стратегиясын алға тартты. Шындығында, түркі дүниетанымы – өте күрделі мәдени-тарихи кеңістікті қамтығандықтан, қазіргі таңда түркі-қазақ халқының ойшылдарын жан-жақты зерттеп, оларды әр қырынан ашуқолға алынып келеді. Түркі халықтарына ортақ тұлғалардың еңбектері қазіргі түркі ғалымдарының одан әрі зерттеу нысанына айналып отыр. Оларды әлемге таныту мақсатындағы бұндай зерттеулер заман талабынан туындаған рухани-мәдени қажеттіліктердің бірі.

Бұндай зерттеулер өз кезегінде түркілік рухани құндылықтарды тұтастай жаңғырту мен «түбір бір түркі халқы» идеясының стратегиясына да сәйкес келеді. Кез-келген халықтың, ұлттың дербес мәдениеті болатыны заңдылық. Осы орайда, бүгінгі түркі тілдес халықтар мәдениетіндегі әрбір зерттеудің түркілік өркениеттің маңызын, әлемдік өркениеттегі үлесін жан-жақты бағамдауымызға мүмкіндіктер беретіні даусыз.

Нәтижелер. «Тарих-и Рашиди» – Орта Азия мен Моғолстанда XIV ғасырдан XVI ғасырға дейін болған осындай тарихи оқиғаларға толы құнды еңбек. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидидің-де» басынан кешкен оқиғалар және түрлі адамдардан естіген әңгімелеріне ғана жүгінбей, көптеген көрнекті тарихшы-ғалымдар, жағрафия ілімінің даналары, сопылардың трактаттарына дейін назар аударып, оларды молынан пайдаланған. Дарынды тарихшы шығармасында өзіне дейін өмір сүрген және замандас қаламгерлердің де сан алуан кітаптары мен қолжазбаларын ой елегінен өткізіп керек жерде дәйектемелер келтіріп отырған. Бірақ негізінен парсы тіліндегі дерек көздеріне жиірек мойын бұрған.

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиді» жазуда өзіне дейін өмір сүрген араб және парсы дүниесі-нің тамаша тарихшы ғалымдары, шежірешілері, жағрафияшылар,

деректанушыларының еңбек-терін молынан пайдаланған және оларды өзі көрмеген, білмеген оқиғаларды сөз еткенде ғана, сенімді бұлақ көздері ретінде пайдаланған. «Тарих-и Рашиди» парсы тілінде жазылғандықтан да, Мырза Хайдар жүгінген ондай еңбектердің басым көпшілігі парсы тілінде болатын.

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» жоғарыда айтылғандай 1346–1546 жылдар аралығындағы оқиғаларды тек Орталық Азия ғана емес, сондай-ақ Тибет, Ауғанстан, Кашмир, Иран, тіпті Иракқа да қатысты көптеген қым-қуыт оқиғаларды баяндайды. Мұнда аталмыш мерзімдегі саяси жағдайлар, тақ үшін талас, кейбір мемлекеттердің тарих сахнасынан кетуі, феодалдық соғыстар, тарихи тұлғалар тағдыры, діни мәселелер, әдеби-мәдени өмір, көркемөнер сипаттама-лары, тіпті минералогия, яғни асыл тастарға да сипаттама жасау автор назарынан тыс қалмаған. Осындай бірнеше ғасырға қатысты оқиғаларды, фактілерді, тарихи, мәдени, әдеби үрдістерді яғни өзі өмір сүрген ғасырға, жылдарға дейінгі оқиғаларды сараптау Мырза Хайдарға әрине оңай тиген жоқ. Әйтсе де ол мұндай аса маңызды, аса ділгірліктен туған шығарма жазуда шын-дыққа сүйенді, нәтижеде абыройға ие болды.

М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашидиде» пайдаланған дерек көздерін талдауды үшке бөлдік. Оларды діни, әдеби-мәдени және тарихи деректер деп қарастырдық.

Мырза Хайдар діни дерек көзі ретінде Қасиетті Құраннан басқа сегіз еңбекті пайдаланған. Осы арқылы тарихшының исламға берілген тақуа кісі болғанын білдік. Абайдың ақыл, иман мәселелерін сөз етегін қара сөздері Мырза Хайдардың осы бөлімде келтірілген Әбу-л Хасан әл-Ғазнауи мен оның «Кашф әл-махжубы» топшылауларына ұқсас. Соған қарағанда Абайдың қара сөздерінің жазылуына, осындай діни еңбектердің де әсері болғаны даусыз екендігіне көңіл аудардық. Сонымен бірге Әбу Талиб Мұхаммед бин Әлінің «Қуат әл-кулубынан» алып ел басқарудың он шартын келтірген. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиді» жазуда өзіне дейін өмір сүрген араб және парсы дүниесінің тамаша тарихшы ғалымдары, шежірешілері, деректанушы-ларының еңбектерін кеңінен пайдаланды және олардың шығармаларына өзі көрмеген, білмеген оқиғаларды сөз еткенде ғана, сенімді бұлақ көздері ретінде сүйенгенін көрсеттік.

М.Х. Дулати пайдаланған тағы бір мәселе – тарихи деректер. Автор мұнда он екі деректі ауызға алған. Өзіне дейінгі дәуірде орын алған саяси және тарихи оқиғаларды баяндауда бұл деректер Мырза Хайдар үшін көп көмек көрсеткен. Солардың ішінде Шараф ад-Дин Әли Йездидің «Зафар намесі», Ата Мәлік Жувейнидің «Тарих-и жаһангушайы» және тағы басқалар.

Ғалымның және бір пайдаланған деректері – әдеби-мәдени жазбалар. Мырза Хайдар өнерге жақын адам болғандықтан, әрқашан да өнер адамдарына жақын жүрді. Тіпті, шығармасында Гераттан шыққан өнерпаз иелеріне арнайы тарау арнаған. Еңбегінде ол алты ақын шығарма-сына зер салған. Мырза Хайдардың осы бөлімде өнер мен мәдениет, көркемсөз өкілдерін жоғары бағалағанын көрдік. Осы шығармасында Мырза Хайдар Исмаил әл-Жауһари, Абд ар-Рахман Жәми, Сағди, Сиражаддин Әбу Жақып Жүсіп Сәккаки, Жалал ад-Дин Руми, Фирдауси сияқты ақындарға жоғары баға берді. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» 36 автордың еңбектерін пайдаланғанын дәлелдеп, яғни «Тарих-и Рашидиде» пайдаланылған шығармалардың жетпістен асқанын көрсеттік.

Сонымен Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық тарихи, әдеби, мемуар-лық еңбегін жазуда пайдаланған түрлі дерек көздерін сөз еткенде ондай еңбектердің авторлары мен олардың өмір деректері, шығармаларының мән-маңызына, М.Х. Дулатидің ол деректерді пайдалану себептеріне де тоқталып өтеміз. «Тарих-и Рашидидің» дерек көздері үшеу: а) Діни деректер, ә) Тарихи деректер, б) Әдеби шығармалардан алынған деректер.

Талқылау. Тарихи деректердің маңызды дегендеріне жеке-жеке тоқталайық.

Қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлиханов (1835–1865) Петерборға барған сапарында Ресей Ғылым Академиясы қорынан Мырза Хайдардың Қашғарлық Мұхаммед Садық Қашғари «Тарих-и Рашидидің» түркі тіліне аударған нұсқасымен танысып, біраз зерделеген және ол туралы біраз ойларын айтқан. Шоқан Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиді» жазуға кірісерде Шарафаддин Әли Йездидің «Зафар намесін» үлгі еткенін, оған сүйенгенін айтады [5, 14-15]. Расында да солай. Олай болса біз де зерттеуімізді дәл осы шығармадан бастаймыз.

1. «Шарафаддин Әли Йезди ойшыл, атақты ғалым болған», – деп жазады Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде». «Ол заманда Самарқан, Хорасан, Иракта оған тең келер бір де бір даныш-пан ғалым болмаған. Муаммабұрынырақ мүлде өзгеше еді. Бүгінде жұрт арасында белгілі «Мутарраз-и муамманы» [трактатын] да Маулана жазған. Бұл ғылым туралы кітапты –

«Хулал-и муамманы» да жазған «Зафар наменің» авторы Шарафад-Дин Әли Йәзди». «Қасида-и Бурдаға» сопылық стильде жазған түсініктеме де соныкі. Мұндай түсініктемені одан артық ешкім де жасай алмаған. Бұл кітаптардан басқа оның жазған көптеген еңбектері бар, олардың бәрін тізіп айтып шығар болсақ, әңгімеміз ұзап кетеді» [6, 112].

Мырза Хайдар Шарафаддин Әли Йәзидің «Зафар намесін» «Тарих-и Рашидидің» бірінші және екінші кітабын жазуда пайдаланған. Бірінші кітаптың жиырма бір тарауын, ал екінші кітап-тың бес тарауын соған сүйеніп жазған. «Мен тақуалардың жетекшісі, әлем міскіндерінің қол-даушысы, шарифаттың негізгі хикметін және басқа ережесінің білгірі, нақыл да ақыл сөздің данасы Маулана Шарафаддин Әли Йәзидің «Зафар наме» кітабының алғысөзін жол бастаушым әрі ақ тілекшім болсын деп сөзбе сөз келтіріп отырмын» [7, 40], – дейді Мырза Хайдар.

Ол «Зафар намені» дерек көзі ретінде жоғары бағалаған. Одан Тоғылық Темірдің ата-тегі, ханның қалай және қандай себеппен ислам дінін қабылдағаны, Мауараннаһр аймағына жасаған жорықтары, бір сөзбен айтқанда Тоғылық Темірдің туылғанынан бастап, басынан кешкен оқиғаларының көбісін «Зафар намеге» сүйеніп жазған.

Мырза Хайдар тарихи оқиғалар мен тарихи кісілер туралы жазғанда мерзімді сақтап отыра-ды. XIII ғасырдан соң XIV, одан соң XV ғасыр оқиғаларын баяндайды, яғни белгілі бір жүйелі-лікті сақтайды. Тоғылық Темірден соң ол енді Әмір Темір (1336-1405) оқиғаларына ойысады.

Мырза Хайдарға ең қымбат, ең асыл адамдардың бірі Моғолстанның билеушісі жездесі Саид хан еді. Оның 1533 жылы кенеттен қайтыс болғанына қатты қайғырады. «Тарих-и Рашидиде» ол Саид ханның өмірбаянына көп көңіл бөлген. Ханның ата тегін суреттегенде Тоғылық Темір ханнан Яфет ибн Нухқа дейінгі кез жайлы айтқанда «Зафар намеге» сүйенген.

Кашмир өлкесінің тарихы туралы жазғанда да ол «Зафар намеге» табан тіреген. Бірақ Мырза Хайдар Шараф ад-Дин Әли Йәзди Кашмирді өз көзімен көрмегендіктен, көптеген сипаттама-ларының дұрыс болмай шыққандығы туралы ескерте отырып, екінші кітаптың тоқсан тоғызын-шы тарауына Кашмир жайлы өзі көргендерін ғана келтірген.

2. Мырза Хайдар атақты Мырза Ұлықбектің (1394–1449) еңбектерін де ұмытпаған. Ол Ұлықбекті ғалым ретінде жоғары бағалап, оның еңбектерінің атын атап, әсіресе «Ұлус-и арбағаға» сәл де болса тоқтала кеткен. Мырза Ұлықбек Әмір Темірдің ең кіші төртінші ұлы, Шаһруһтан көрген немересі. 1394 жылдың 22 наурызында Әмір Темірдің Ирак пен Әзербайжанға жасаған жорығы кезінде Сұлтания (Иранның Әзербайжаны) қаласында дүниеге келген.

Шаһруһ 1409 жылы Мырза Ұлықбекті Самарқанның әкімі етіп тағайындаған соң, 1411 жылдан бастап ол қаланы дербес биледі. Әкесі қайтыс болғаннан кейін 1447-1499 жылдары оның тағына мұрагерлік етті [8, 3].

Уәйіс хан Моғолстан тағына Шер Мұхаммед ханмен таласқанда Мырза Ұлықбек Шер Мұхаммедтің қашып кетуіне көмектесті. Осы оқиғалар туралы Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиінен» құнды деректер табуға болады.

Мырза Хайдар Мырза Ұлықбек туралы «Тарих-и Рашидиде» Қызыр қожа ханның баласы Мұхаммед хан жайында баяндағанда былай деп жазған: «Мұхаммед хан заманында Мауараннаһрды мырза Шаһруһтың атынан ғалым Мырза Ұлықбек биледі. Ол обсерватория және «Зиж-и Гургани» атты ғылыми еңбегімен белгілі болған ғалым патша» [9, 95].

Мырза Хайдар Мырза Ұлықбектің «Ұлус-и арбаға» – «Төрт ұлыс» атты еңбегінде шамалы болса да «Тарих-и Рашидиде» пайдаланған. Ол Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының тарихы жайлы дүние. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» моғол хандары туралы жазуда Мырза Ұлықбектің аталмыш еңбегін атайды. Сондай-ақ Мырза Хайдар моғолдар туралы жазылған тарихи шығармалардың аздығына өкініш білдіреді. «Қожа Рашид ад-Дин Фазлаллаһты «Жәми ат-тауарих», Қожа Хамдаллаһ Мұстауфидің «Тарих-и гузидасы», Маулана Шараф ад-Дин Әли Йәзидің «Зафар намесі», Маулана Әбдіраззақтың «Тарих-и манзум», Мырза Ұлықбектің «Ұлус-и арбағасы» және басқаларда моғол хандарының хал-ахуалы хақында аздап айтылады, алайда олардан тұтастай ешнәрсе біле алмайсың» [10, 172]. Ата-баба мекені, Моғолстанға деген сүйіспеншілік оны тарихи кітаптардан өте аз дерек болса да пайдалана беруге мәжбүр етті.

3. Жүніс ханның баласы Сұлтан Махмұд ханның өмірі жайлы сөз еткенде Мырза Хайдар Мирхонд Мұхаммед ибн Хавандшах (1433–1498) атты иран тарихшысын еске алады. Мирхонд Гераттағы Темір әулеті сарайында қалыптасқан тарихнама мектебінің өкілі. Жалпы тарихқа

арналған «Рауазат ас-сафа фи-сират әл-әнбийа уа-л-мулук уа-л-хулафа» деген жеті томдық еңбектің авторы. Мирхонд еңбегі Иран мен Орта Азияда тарих жөніндегі үлгілі шығарма саналды. Еуропа зерттеушілері үшін Иран мен Орта Азия тарихы жөніндегі жалғыз еңбек болды. Алайда автор өмір сүрген кездегі оқиғаларды қамтыған алтыншы томның бір бөлігі мен жетінші том ғана (бұларды Мирхондтың немересі Хондемир жағрафиялық қорытындысымен қоса өңдеп, аяқтап, 1522 жылға дейін жеткізді) түпнұсқа, ал басқа томдары құрастырылып жазылған. Мирхонд еңбектері литографиялық әдіспен бірнеше рет басылды. Еуропада кейбір бөлімдері ғана аударылып жарық көрді [11, 361].

4. Мырза Хайдар пайдаланған үшінші ірі және атақты шығармалардың бірі, Қожа Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Жәми ат-тауарихы». Қожа Рашид ад-Дин Фазлаллаһ шамамен 1247//1248 жылдары дүниеге келіп, 1318 жылы өлтірілген. Ол атақты парсы тарихшысы, мемлекет қайраткері, ірі энциклопедист ғалым еді. Ғазан ханның сарайында ірі қызметте болған. Көп маңызды деректерге бай оның аталмыш энциклопедиялық еңбегі ерекше құнды. Ол Орта Азиядағы ислам және мұсылмандарға дейін болған халықтардың тарихы туралы жазып қоймай, сонымен қатар монғол, қытай, үнді және батыс Еуропа халықтарының аңыздарын да теріп жазған. Бұл көлемді жұмысын ол 1300, 1301 жылдары бастап, 1310, 1311 жылдары аяқтаған.

Мырза Хайдар сенімді мәліметтерге ғана жүгінетіндіктен «Тарих-и Рашидиде» Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Жәми ат-тауарихын» пайдаланды. Ол моғолдардың ислам дінін қабылдағаннан кейін қалай өсіп өркендегені жайлы мәліметтер іздеді. Сол мақсатпен Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Жәми ат-тауарихына» да көз салды. Бірақ ол бұл жайлы аздаған ғана мәліметтер таба алды.

Моғолстанды сипаттай отырып, оның қалалары туралы жазғанда да Мырза Хайдар: «Беделді кітаптар мен тарихи шығармаларда Баласағұнды Афрасиабтың салған қалаларының бірі деп айтады. Оны өте жоғары мақтаған. «Мажма ат-тауарихта» былай деп айтылған: «Баласағұн қарақытай заманына дейін Афрасиабтың ұрпақтарының билігінде болған. Қарақытай Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алды, ол Афрасиаб нәсілінен еді. Содан оны өзінің астанасы етті. Тоқсан бес жыл бойы Баласағұн қарақытайдың астанасы болып келді. Жейхуннан бергі, оның шығысында жатқан барлық өлкелер түгелдей оған салық төлеп тұрды. Моғолдар Баласағұнды Қаралық деп атаған» [12, 402].

Рашид ад-Диннің «Жәми ат-тауарихқа» енген «Сувар-и ақалим» – «Әлем климаттарының жай-жапсары» атты томында әлемнің географиялық сипаттамасын жазған. Мырза Хайдар бұл еңбекті өзінің Моғолстанды суреттегенінде пайдаланғысы келген, бірақ одан да көп мағлұмат таба алмайды. Саид ханның ата тегін жазғанда Мырза Хайдар тек «Зафар намеге» ғана емес, сондай-ақ «Мажма ат-тауарихқа» да сүйенген.

5. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Қожа Хамдаллаһ ибн Әбу Бакр бин Ахмад бин Наср Мұстауфи әл-Қазвинидің «Тарих-и гузида» атты еңбегіне де жүгінеді.

Қожа Абдаллаһ Мұстауфи шамамен 1281–1282 жылдары дүниеге келген. Ол Рашид ад-Диннің жақын досы, оның жебеушілігімен жүрген. Шамамен 1311 жылдары Рашид ад-Дин оған Иранның бірқатар аудандарының қаржы саласын басқаруды тапсырған.

Қожа Абдаллаһ Мұстауфи «Тарих-и гузидасымен» әйгілі болды. Бұл еңбегін ол Рашид ад-Диннің баласы әрі мұрагері – Қожа Гийас Мұхаммедке арнап жазды. Еңбек Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Жәми ат-тауарихына» сүйеніп жазылған. Шығарма алғысөз, алты бөлім және қорытындыдан тұрады. Автор бұл жұмысында Фазлаллаһқа қатты еліктеген [13, 327-334].

Жоғарыда Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Жәми ат-тауарихы» туралы сөз болғанда Мырза Хайдардың монғолдардың ислам дінін қабылдағаннан кейін өсіп өркендегені жөнінде мәліметтер іздеп және де сол мақсатпен «Жәми ат-тауарихқа» көз салғаны туралы және де оған аздаған деректер ғана таба алғаны туралы айттық. Осы ізденіспен ол «Тарих-и гузидаға» да көңіл бөлді. Бірақ «Тарих-и гузида» «Жәми ат-тауарихтың» көшірмесі болмаса да оған жақынды, сондықтан да одан Мырза Хайдардың ештеңе таппағаны ғажап емес.

Қашғардың жай-жапсарын әңгімелегенде Мырза Хайдар «Тарих-и гузидаға» жүгінген және де бұл дүниенің «Жәми ат-тауарихтан» алынғаны туралы ескерткен. Сонымен қатар ол Шыңғысханның басып алған жерлерін төрт ұлына бөлгені туралы баяндағанда оның Рашид ад-Дин шығармасында толық, ал Қожа Абдаллаһ Мұстауфида қысқа баяндалғанын: «ал «Гузида» тарихында барлық Дешт-и Хазар һәм Қыпшақ даласын, бір жағы Рұм және мұхит, екінші бір жағы Мауараннаһр және Моғолстанмен шектесетін аумақты – үлкен ұлы Жошы ханға бергені айтылған» [14, 323].

6. Мырза Хайдар Әбдіраззақ Самарқандидің «Тарих-и манзумын» да пайдаланған. Бірақ, одан көңіл көншітер мәліметтер таба алмайды. Әбдіраззақ Самарқанди Темір әулеті туралы жазған тарихшы-тын. Одан «Матла ас-сағайн ва мажма әл-бахрайн». Бұл еңбек 1471 жылдардан кейін жазылған. Оның бірінші томы Темірдің өліміне дейінгі (1404), екінші томы Әбу Саидтың өліміне дейінгі (1469) тарихи оқиғаларды баяндайды, сондай-ақ моғолдар тарихын қамтиды. Шығармада Темір мен Темір әулетінің заманын зерттеу үшін өте құнды материал бар. Әбдіраззақ Самарқандидің еңбегінен оның Герат тарихы жөнінде де кітап жазғаны байқалады. Бірақ ол туынды бізге жетпеген.

Оның толық аты – Камал ад-дин Әбдіраззақ ибн Жалал ад-Дин Исхак Самарқанди. Әбдіраззақ Самарқанди Гератта туып, сонда қайтыс болған. Өмірінің көпшілігін Самарқанда өткізіп, білім алды. 1429 жылдан бастап Мауараннаһр әмірі Шаһруһтың сарайында қызмет етті. 1441–1444 жылдары Үндістанда, 1446 жылы Ғиянда елші болды. Шаһруһ қайтыс болғаннан кейін оның мирасқорлары – Мырза Абд-л-Латифқа, Мырза Абдоллаға және Мырза Әбу-л-Қасым Бабырға қызмет етті. 1463 жылдан бастап Шаһруһтың Гераттағы дәруіш мешітінде шейх болды. Темір заманының тамаша өкілі ретінде Әбдіраззақ Самарқандиға атақты ақын, әрі уәзір Әлішер Науаи қамқорлық етті [15, 820-821].

7. Мырза Хайдар пайдаланған дерек көзінің бірі, бөлесі Бабыр патшаның атақты «Бабырнамасы». Бабыр әдебиет пен мәдениетке көңіл бөлді. Өзі де шығармашылықпен айналысты. «Бабырнама» атты еңбегін жазды. Ол тек тарихи фактілерден тұратын кітап қана емес, сонымен қатар тарих, экономика, саясат және әлеуметтік мәселелерге де қатысты бірегей мағлұматтар көзі [16, 7].

«Тарих-и Рашидиді» жазу барысында, ол Бабырдың «Мубаин» және «Түркі арузы» атты еңбектеріне де зер салған. Бабыр туралы Мырза Хайдар: «Ол әртүрлі қадір-қасиет дарыған әрі мінезі жайдары патша болды. Оның бойындағы жақсы қасиеттерінің ішінде батырлығы мен жомарттығы айырықша көзге түсетін. Түркіше өлең шығаруда әмір Әлішерден кейін оған ешкім ілесе алмаған. Түркі тілінде өте ғажап «Диуаны» бар. Ол «Мубаин» деген атпен поэзиялық шығарма жазды – бұл өте пайдалы әрі фикһ жөніндегі рисала деп қабылдаған жинақ болды. Ол бұған дейін ешкім жазбаған «Түркі арузын» өте шеберлікпен туындатты әрі Хазірет Ишанның «Рисала-и Уалидийасын» өлеңмен жырлады. Оның түркі тілінде өте бейнелі, айшықты, таза әрі әдемі тілмен жазылған «Бабырнама» атты тарихи шығармасы бар» [17, 192-193]. Мырза Хайдар сөйтіп «Тарих-и Рашидиде» осы шығармалардан алынған деректерді де қосқан.

8. Мырза Хайдар Қожа Атамәлік Алааддин Мұхаммед Жувейнидің «Тарих-и жаһангушайы»– «Әлемді жаулап алушының тарихы» атты еңбегін де дерек көзі ретінде пайдаланған. Қожа Атамәлік Алааддин Мұхаммед Жувейни 1226 жылы дүниеге келіп, 1283 жылы өмірден өткен. Ол өзінің әдеби қабілеттеріне менсінбеушілікпен қарады. Бірақ та, замандастары оның еңбегін стильдің қол жетпейтін үлгісі деп бағалаған. Рашид ад-Дин Уассаф және де басқа парсы, араб және түркі тарихшылары «Тарих-и жаһангушайды» өз еңбектерінде жан жақты пайдаланған. Олар тіпті, кейде Жувейнидің деректерін тұтастай қайталап та отырған [18,59].

Мырза Хайдар Жувейнидің деректерін «Тарих-и Рашидидің» бес тарауында пайдаланған. Мырза Хайдар екінші кітабының жиырма сегізінші тарауында Хотан қамалынан табылған қазына туралы жазған. Оны Мырза Хайдар Жувейни еңбегіндегі осы қазыналардағы құмандар-дың сыртындағы күміс балиштерді суреттейтін фактімен дәлелдейді: «Балиштің салмағы бес жүз мысқалға тең, ұзын етіп жасалған, ортасы жіңішке» [19, 291], – дейді ол.

Хотаннан табылған сол қазыналар кейінірек Әбу Бәкірден Қашғарияны тартып алған Саид хан қолына түседі, Мырза Хайдар сол балиштерді қолымен ұстай отырып әңгіменің растығын дәлелдейді. Екінші кітаптың қырық бірінші тарауында ол Тайанг ханның ұлы Кучлугтың Шыңғысханға қарсы жасаған бүлігі туралы деректерді толықтай «Тарих-и жаһангушайдан» келтіреді. Мырза Хайдар Кучлугтың бүлігінен басқа моғолдардың Қашғарда билік құруы жайлы жазғанда осы еңбекке иек артады. Одан кейін ол Имам Алааддин Мұхамед Хотанидің Кучлук-тың қолынан қалай мерт болғандығы туралы да үзінді келтіреді. Себебі, ол болған оқиғаларды рет-ретімен келтіргенде, Сұлтан Саид ханның Ферғанадан Қашғарға барғаны туралы да жазған. Мырза Хайдар оларды оқырмандар білсін деген ниетпен, әр жазған оқиғасы алдында не болғанын, қандай хандардың билік құрғаны туралы мағлұматы толық болуы үшін «Тарих-и жаһангушайға» жүгінеді. Қашғарды бұрын қандай хандар биледі, олармен не болғанын жазып түсіндіру мақсатымен ол «Тарих-и жаһангушайдан» үзінділер келтіреді.

Сұлтан Саидтің Моғолстанды жаулап алуы туралы айтар алдында Мырза Хайдар Моғолстанның Шыңғысхан кезіндегі жағдайына тоқталғанда «Тарих-и жаһангушайға» үңіледі. Моғолстан: «шығыс жағында – Қытаймен, батысында – ұйғыр уәлаятымен, солтүстігінде – Қарақыз және Салингай, оңтүстігінде – Танғұтпен шектеседі» [20, 401], – деп жазады. Мырза Хайдар заманында осы келтірген мекен аттарынан тек Қытай және Танғұт ғана қалған-ды. Мырза Хайдар Жувейни келтірген ұйғыр уәлаяты мен Қарақыз және Салингай атты мекендердің болған – болмағанын зерттеген. Әйтсе де, ол жерлер туралы еш мәлімет таппайды. Ал Танғұтты Мырза Хайдар тарихи кітаптардан тауып, бұл жердің кезінде үлкен уәлаят болғанын және де ол жерге Шыңғысхан алғашқы жорықтарының бірін жасағанын айтады.

Жоғарыда Жувейнидің еңбегін пайдаланып Мырза Хайдардың Хотан қамалынан табылған қазына туралы айтқанына тоқталдық. Осы қазына туралы Рашид ад-Дин Фазлаллаһ та жазған. Екінші кітаптың қыркыншы тарауында Қашғар жайлы суреттегенде Мырза Хайдар: «Қашғар – көне әрі байырғы мәшһүр қалалардың бірі. Ежелгі заманнан бері Қашғар сұлтандары Афрасиаб – түркі ұрпағынан [шығатын] еді. Осы Афрасиабты моғолдар Буға хан деп атайды. Оның тегі: Афрасиаб ибн Пиш ибн Дад Нишин ибн Тура ибн Афридун. Бұл [Хамдаллаһ Мұстауфи Қазвинидің] «Тарих-и-гузида» кітабында айтылған. Аталған мәлімет Рашид ад-Дин Фазлаллаһтың «Мажма ат-тауарих» атты кітабынан алынған» [21, 317], – деп жазады. Баласағұн туралы зерттеу жасай отырып ол Жетісулық Жамал Қаршидің «Мулхакат ас-сурах» – «Тілдің айқындығына толықтыру» атты еңбегіне сүйенді.

9. Жамал әл-Қарши тарихшы, әдебиетші, тілші, ғалым болған. Ол өте бағалы бірнеше еңбек-тердің авторы. Орта Азия мен қазақ даласын аралап осы өлкелердің Тараз, Баласағұн, Жент, Баршынкент секілді шаһарлары туралы бағалы мәліметтер қалдырған. Атақты ғалым ол жерлердің тарихы және ол жерлерден шыққан зиялылар туралы жазғандары өте құнды дер едік.

Жамал әл-Қаршидің аты-жөні Абу-л Фазл Мұхаммед ибн Омар ибн Халид, бізге Жамал әл-Қарши атты лақап атпен көбірек танылған. Ол 1230–1231 жылдары Жетісу өңірінің Алмалық атты қаласында дүниеге келген. Ол Дешті Қыпшақ пен Мауараннаһр өлкелеріне саяхат жасаған. «Мулхакат ас-Сурах» атты тарихи географиялық шығармасын араб тілінде жазған. Одан жоғарыда айтылғандай Алмалық, Қашғар, Жент және Баршынкент сияқты қалалар, жергілікті әулеттер, хандар және ұлы ғұламалар туралы мағлұматтар табуға болады [22, 245-246].

Мырза Хайдар Жамал Қаршидің «Сурах әл-луғат» атты еңбегін де атап өткен. «Сурах әл-луғат» – араб-парсы сөздігі. Ол Әбу Насыр Исмаил бин Хаммад әл-Фараби әл-Жауһаридің (т.ж.б. – 1004) «Сихах ал-луғат» атты араб тілінің түсіндірме сөздігінің парсы тіліндегі қысқаша аудармасы саналады. Тәржімәші Жамал Қарши. Аударманы ол 1282 жылы аяқтаған.

10. Мырза Хайдар пайдаланған келесі бір дерек көзі арабтың жағрафиялық әдебиетінің аса көрнекті өкілі, Йақұт әл-Хамауидің «Муъжам әл-булданы». Йақұттың толық есімі – Шиһаб ад-дин Абу Абдаллаһ Йақұт ибн Абдаллаһ әл-Хамауи ар-Руми әл-Бағдади. Ол 1179 жылы туған. Болашақ ғалым білім іздеп Таяу және Орта Шығыс, Орта Азияның Дамаск, Халаб, Ирбиль, Табриз, Нишапур, Сарахс, Герат секілді қалаларын аралап, ақырында Мервке тұрақтайды. Йақұттың ең негізгі еңбегі «Муъжам әл-булдан» 1218–1224 жылдар аралығында жазылған. Оның бұдан басқа да жазба дүниелері бар және олар біздің заманымызға дін аман жеткен. Олар: «Китаб әл-муктадаб фи-л-ансаб» («Шежіренің қысқаша кітабы»), «Иршад әл-ариб ала мағифат әл-адиб» («Әдебиетпен танысуға құмарларға өсиет») және «әл-Муштарик уадан уа-л-мухталиф сакан» («Түрі бойынша жалпы және мекеннің атын білдірумен ерекшеленетін есімдер туралы кітап»). Оның бұлардан басқа да бірсыпыра шығармалары жазғаны аталады.

«Муъжам әл-булдан» араб халифатының ғылым салалары мен қоғамдық ойдың гүлденген кезінде, яғни мұсылмандық жаңғыру кезеңінде жазылған. Онда IX–XIII ғасырлар араб тарихи-жағрафиялық жазба ескерткіштеріне қатысты маңызды әрі құнды мағлұматтар көп [23, 61].

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Сұлтан Саид ханның Тибетке жасаған жорығы туралы баяндағанда, бірқатар кітаптарды зерттеп, Тибет туралы мағлұматтар іздеген. Әрине, осы мақсатпен ол «Муъжам әл-булданды» да оқыды. Бірақ одан Тибет жайлы мағлұмат таба алмады. Тибет туралы құнды деректер таба алмаған Мырза Хайдар ол өлкені өзі аралап зерттеген.

Жоғарыда ортағасырлық он автордың шығармаларына тоқталдық. Мырза Хайдар бірақ бұлардан басқа да дерек көздерін пайдаланған. Олардың ішінде авторлары белгісіз де дүниелер бар. Енді соларға да тоқтала кетейік. Солардың бірі – «Тағрифи булдан» - «Елдердің сипаттамасы».

11. «Тағрифи булдан». Өкінішке орай бұл еңбектің авторы түгілі қашан жазылғаны белгісіз. Мырза Хайдар оған Моғолстан туралы мәліметтер іздегенде үңілген. «Моғолстанның орналасқан жерінің ғажаптығы мен оның кең байтақ даласы туралы ешбір кітапта айтылмайды. Тек кейбір тарихи кітаптарда ғана бірнеше қалалардың аты келтіріледі. Даналар мен ғалымдардың «Сувар-и ақалим» - «Әлемнің климаттарының жай-жапсары», «Тағрифи булдан» – «Елдердің сипатта-масы» сынды кітаптарында елдердің сипаттамасы берілген, онда Моғолстан туралы мәлімет аз. Сірә оларға бұл өлкенің жағдайы жөнінде хабар мәлім болмаса керек. Олар бұл аймақ жөнінде қанша білсе, сонша мәлімет жазған» [24, 401], – деп жазады Мырза Хайдар.

12. «Дәстүр әл-амал»– Мырза Хайдар пайдаланған тағы бір дерек көзі. Оған тарихшы ғалым Жүніс ханның баласы Сұлтан Махмұд ханның өмірінің бастапқы кезеңін баяндағанда сүйенген. Мырза Хайдардың айтуы бойынша Жүніс хан Бадахшандық хан Шаһ Сұлтан Мұхаммедпен құда болғысы келіп, оған өзінің беделді адамдарын жібереді. Шаһ Сұлтан Мұхаммед Бадахши Файлакус Румийден тараған Ескендір Зұлқарнайынның ұрпағы екен. Кезінде шығыс елдерінде Александр Македонскийді осылай атаған. Мырза Хайдардың айтуы бойынша осы «Дәстүр әл-амалды» Ескендірдің өзі жазған. «Дәстүр әл-амал» қазақшаға аударғанда «Басқару ережесі». Мырза Хайдар: «Ескендір бұл әлемді алған соң әмірлерімен кеңесіп: «Әлем сұлтандарының қолы жетпейтін бір мекен табыңыздар, менің ұрпақтарым сол жерде өмір кешсін», – дейді. Даналар Бадахшанды таңдайды. Содан соң «Дәстүр әл-амал» жазылды. Ол бойынша ешкім бұл уәлаятқа дауласа алмайды» [25, 131], – дейді.

Дулатитанушы ғалымдар пікірінше, түркілік өркениеттің әрбір жетістігін талдау арқылы, ұлы тұлғалар шығармашылығы негізінде бүгінгі түркі тілдес халықтардың мәдениетінің бастауы түркілік дүниетанымда жатқандығын айтады. Осы себепті де, қазақ халқының мәдени-тарихи құндылықтарының толыққанды саралануын әлемдік өркениеттегі маңызын зерделеуде түркілік өркениетті жан-жақты зерттеудің мәні артады.

Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен географиялық кеңістікте бүгінде жүздеген мемлекеттер өмір сүруде. Егер біз Еуразия сахарасындағы өркениетті Ұлы Қыпшақ даласындағы өркениет дей келіп, Мұрад Аджидың пікірімен келтірсек, «Бұл мәдениетті печенегтер, бұлғарлар немесе басқалар қалыптастырды десек те, төркіні бір. Өйткені, далада түркі тілі үстемдік еткен. Ұла дала бір ғана түр-кілік мәдени дәстүрлермен өркендеген. Түркілік рухани құндылықтарды қалыптастырған» [26, 153].

Түркілік өркениет «өмірдің әсер-ықпалымен» туындаған, өз мазмұн қуатымен дараланатын рухани мағынаға ие. Оны бүгінгі зерттеулер мен асыл ойлар керуені дәлелдеп беруде. Түркі дүние-сіне ортақ ғұлама ғалымдарымыздың сүбелі ойлары мен тұжырымдары ғылыми сипатымен және терең философиялық қуатымен дараланып, әлемдік мәдениет пен руханиятта айрықша бағалануда.

Осы тұрғыдан келгенде, Дулати сынды түркі жұртына ортақ ойшылдар дүниетанымы мен шығармашылық мұрасы негізінде рухани-мәдени құндылықтарымыздың тарихи тамырын тереңдетіп, келешек дамуымызға бағыт-бағдар етудің қажеттілігі арта түседі.

Бүгінде Қазақстан – бабалар арманы болған тәуелсіз мемлекет. Аздаған уақыттың ішінде әлемдік аренада өз орнын белгілеп, дамыған мемлекеттер қатарына ену жолында мәңгілік елге айналу үдерісі жүзеге асырылуда.

Ғалым Ж.Сәрсенбаева: «...еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел стратегиясы шарттары мен бағдарлары уақыт өзгере келе ұмтылатын, бір кездерде жоққа шығарылатын концепциялармен емес, барынша мәңгілік және тұрақты тұғырнамаға айналатын негіздер», – дей келіп, мәңгілік ел дегеніміз өркениеттің озық үлгісіндегі, зайырлы, құқықтық еркіндікті жақтаған, еркіндікке ұмтылған, демократиялық мемлекет екендігін, бұл жолды таңдауымыз жайдан-жай еместігін, біздің тарихи жолымызда ұстанған басты тұғырымыз екендігін баяндайды [27, 102].

Әрбір мемлекет пен халықтар, ұлттар мен этностар белгілі бір уақыт өткен сайын циклды түрде жаңғырып отырады немесе соны қалайды. Еліміздегі рухани жаңғыру бағдарламасының тарихы мен әлеуметтанулық-саясаттанулық ұстанымдары бүгінгі таңда

кемелдене зерттеліп келеді. Біз осы орайда, түркілік рухани құндылықтар мен М.Х. Дулатидің осы үш тағанға қатыс-ты қырларына тоқталып өтетін боламыз.

Мәңгілік елдің тарихи-танымдық қырлары туралы зерттеушілеріміз өз ойларын: «Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» тарихи шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны», - дей келіп, осылардың барлығында ел тұтастығы, бірлігі идеясының айтылатындығын, барлық күштердің кешілі – бірлік болу қажеттігін, кейінгі ұрпаққа бұларды аманаттау әрбір қазақтың аманаты екендігін, тәуелсіздік, азаттық идеясынан нәр алып жатқандығын пайымдайды.

Бұл тұста, негізінен Мәңгілік Ел туралы толғаған жазбалар мен ойшылдар нысанаға алынған. Дегенмен, Мәңгілік Ел идеясына басқа да түркі ойшылдарының қатыстылығын немесе сол ойшылдар тұжырымдары негізінде мәдени-рухани дамуға жаңаша серпін бере алатынымызды ұмытпаған жөн. Мәселен, Дулати қазіргі таңда негізге алынып жүрген Қазақ хандығының құрылуына қатысты жайттар бойынша қазақ ұлтының тарихын әріден бастап, тарихи айғақтар жазып қалдырған. Ол өз еңбегінің кейбір жолдарын «Зафар-намадан» алғандығын ескерсек, мынадай айғақтарды келтіруімізге болады.

«Содан барлық жұртшылыққа жақсы мен жаманды көздерінің іс-қимылының нәтижесіне байланысты екені белгілі болды. Сондай-ақ, «Құран» Кәрімнің мына аятынасай: «Бұл дүниеде кім жақсы іс істесе, оны өзінің пайдасы үшін істейді, ал кім жаман іс қылса, оның зиянынөзі тартады» (кейін бәрінде Тәңірдің алдына барасындар) дегеніндей, Әзіреті Сахиб Қыран ол аймақтан өтіп, қазақ жұрты уәлаятына шабуыл жасады. Жеңімпаз әскердің жауынгерлері барлығын билік күйдіруші семсерінің қармақ жеміне айналдырды. Қазақ даласын талан-таражға салды. Ол жерде көптеген мал-мүлік пен олжағақол жеткізді [28, 36].

Осы тұста Шоқан Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі» еңбегінде: «1932 жылы Әмір Темір Алтын Орда ханы Тоқтамысқа шабуыл жасағанда Қарақұмды мекендеген Алаша ханның ұрпақтары Әмет пен Сәметті дарға асып, өлтіргендігін айтады.

Ал авторлардың Жүсіп Баласағұнды бөліп көрсетуі оның «Құтты білік» дастанында адам мен қоғам тірлігі туыстыққа, бірлікке, «кісінді іздеуге», «тәнге ерік бермеуге», «нәпсі мен құмарлық-тың күш алмауына», «иманды әлсіретпеуге» негізделгенде ғана мәңгілікке жететіні туралы ойына бағытталған деп ойлаймыз.

Сондай-ақ, Асан Қайғы бабамыздың «Жерұйықты» іздеуі де түптеп келгенде Мәңгілік Ел идеясымен келіп орайласады. Міне сондықтан да, түркі-қазақтық руханиятымыздың тарихын-дағы Мәңгілік туралы арнайы ой толғаған даналарымыз да бар, дегенмен, басқа да тарихи тұлғалар осы мәңгілік ел болуымыздың шарттарын құрап келгендігі сөзсіз. Бұл тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектері тарихымызды айшықтап жазғандығы және оның бүгінгі күнге дейін сақталғандығы аса маңызды. Өйткені, тарихтың шынайы ақиқатын білмей, Мәңгілік Ел туралы сөз қозғау өзіндік орнықты логикаға жеткізе бермейді. Бүгінгі таңдағы еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел идеясы болашақ тарихқа бой сермейді, бірақ ол жалаң, фантастикалық, қияли, алдамыш, күдікті болашақ емес, өткен тарихты алғышарт ретінде қабылдайтын, бұрынғы өткенімізбен сусындайтын және сол арқылы сенімділік орнықтыратын уақыттың үш мезгілінің «өткен-бүгін-болашақ» тұтас үлгісі деп айта аламыз.

Белгілі ғалым Б.М. Сатершинов айтқандай, «Осылайша «өткен шақ – осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ – болашақ», «өткен шақ – келешек» сынды модификацияларына ие болады».

Демек, Мәңгілік ел мұраты постмодернистік пафос емес, ол – өткен мен болашақтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, логикалық пен тарихилықтың бірлігінен құралған түркі-қазақ халқының өміршендігінің тұтас құрылған формуласы іспетті.

«Мәңгілік елдің қазіргі таңда басты жеті ұстанымы бар. Оларды санамалап айтатын болсақ, бірінші, ел тәуелсіздігі мен Сарыарқа төсіндегі Астанамыз. Екіншісі, қоғамымызда үстемдік етіп отырған ұлттық бірлік, бейбітшілік пен ұлтаралық келісім. Үшіншісі – зайырлы қоғам мен жоғары руханият, төртінші ұстыны – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық дамуымыз. Ал, бесіншісі жалпыға ортақ еңбек қоғамы болса, алтыншысы тарих, тіл мен мәдениеттің үш тұғырлылығы, соңғы ұстыны – бүкіләлемдік мәселелерге қатысуымыз» [29, 6].

Зерделей қарасақ, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы – түркі халықтарының ортақ тарихи тағдырымен де тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстандағы жергілікті ұлт қазақтардың тарихы, мәдениеті, тілі ортақ екендігі күмансыз, бірақ, ол бүгін ғана қалыптасқан елдік атрибут емес, көне замандардан бері сабақтасқан мұраттардың жиынтығы мен оның өміршеңдігінен құралған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасында Қазақ хандығының құрылуы мен оның бастапқы кезеңдері туралы айтылады, дегенмен, оның басқа да жазған тарихи оқиғаларының өзі көбінесе түркі халықтары арасындағы кикілжіңдер мен достық қарым-қатынастардан бастап, олардың тұрмыс-тіршілігі туралы баяндалады. Әрине, XIV-XV ғасыр-ларда Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы түркі халықтарының дифференциациялану кезеңі басталды, олар ірілі-ұсақты ұлыстарға бөлініп кетті.

Дулатидің бұл тарихи еңбегінде осы ыдырау үдерісі және оның субъектілерінің өзара қарым-қатынасы баяндалады. Бұдан нақты логикалық сауал туындайды: «Алтын Орда неліктен Мәңгілік Ел бола алмады?». Егердебабамыздың осы тарихи еңбегіндегі оқиғалар тізбегіне назар салсақ, оған жауап ала аламыз: бірліктің болмауы, алауыздық, жеке билікке ұмтылу, басқын-шылық, сыртқы жауларды ескермеу, тақ үшін талас және тағы басқа жағымсыз себептердің бәрі осы еңбекте баяндалған. [30, 125].

Қорыта айтсақ, бұл оқиғаларды «Өткеннен сабақ–болашаққа мақсат» деп қысқаша тұжырым-дай аламыз. Мәңгілік Ел ел ішіндегі мұндай кикілжіңдерді жоққа шығарады, сондықтан, жоға-рыда айтылып кеткен Мәңгілік Ел идеясының ұлттық бірлік, қоғамдық келісім мен бейбітшілік тұжырымының біз қарастырып отырған тақырыппен қаншалықты деңгейде байланысты екен-дігіне көз жеткізіп отырмыз. Әрбір арлы қоғам өз тектісін даралап, шығармашылығын терең зерделеу арқылы дамудың жоғары биігіне шығуға мүмкіндік алады. Осыған байланысты бүгін-гідей өзгермелі қоғамда әр адамның тұлғалық негізде қалыптасып, имани ақыл мен даналыққа бастайтын тұжырымдарын зерттеп, бағалаудың жас мемлекетіміз үшін жаңа даму басқышы болумен қатар, жаңашажетістіктер беретіні даусыз. Бүгінде ұлы даланың жеті қырына баланып отырған Ұлы жібек жолытүркілік өркениеттің кең қанат жайып, өркендеуіне, әлемдік өркениетке зор ықпал-әсерін тигізуге себепші болды. Осыған байланысты, түркілік өркениетті, сондай-ақ қазақ өркениетін «осытік өркениет» деп бағалады. Ал, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов болса, «дүниежүзілік мәдениет осы» деп санаған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Дербісәлі Ә. Мұхаммед Хайдар Дулат. Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1999. – 160 б.*
- 2 *Омарбеков Т. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы. 2004. – 388 б.*
- 3 *Көмеков Б., Кәрібаев Б. Мұхаммед Хайдар Дулат – тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруана, 2004. – 95 б.*
- 4 *Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.*
- 5 *Narayan Koul, Ajiz. Mukhtasar Tawarikh Kashmir 1709. (MS 18 Transcribed 1255) Research Library, Department of History, A.M.U. - Aligarh.*
- 6 *Sufi G.M.D. Kashmir. Being a history of Kashmir. From the Earliest times to Our Own. - New Delhi, 1996. - Vol. II. - 833p.*
- 7 *Mattoo A.M. Kashmir under the Mughals. 1586-1752. - India, 1988. - 264p.*
- 8 *Parmi R.K. History of Muslim Rule in Kashmir. 1320-1819. - Delhi-Bombay, 1969. - 271p.*
- 9 *Мухаммед Захир ад-Дин Бабур. Бабур наме. Перевод М. Салье. - Ташкент, 1958 (Қазақ тіліне аударған Б. Қожабеков. Алматы: «Жалын» баспасы, 1982). - 325 б.*
- 10 *Amin Ahmad Razi. Mirza Haidar Dughlat in Haft Iqlim // Mirza Haidar Dughlat as depicted in Persian Sources. Original text, translated and introduced by M.Haidar. - New Delhi, 2002. - P. 98-100.*
- 11 *Хафиз-и Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. Шараф-нама-йи шахи (Книга шахской славы): факс. рукописи Д 88. [в 4-х ч.]. - М.: «Наука», 1983. - Ч. I. - 298 с.*
- 12 *Махмуд бин Вали. Бахр ал-асрар. Фотокотия рукописи Джурабека, хранящаяся в ЛО ИВАН СССР.*
- 13 *Акимушкин О.Ф. Шах Махмуд ибн Мирза Фазил Чура с // Хроника. - М.: «Наука», 1976. - С. 69-112.*

14 Хайдар б. Али Хусайн Рази. *Тарих-и Хайдар*. Рукопись ГПБ им. Салтыкова-Щедрин, ПНС - 230.

15 Мырза Хайдар Дұғлат, *Тарих-и Рашиди*, баспаға дайындаған А. Ғаффари фәрд. - Тегран: «Мира с мәктуб», 2004 (парсы тілінде). - 860.

16 Ислами-Торбати. Слово о книге «Тарих-и Рашиди» М.Х. Дулати // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы: «Қазақ университеті», 1999. - С. 164-166.

17 *Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N. Elias. The translation by E. Denison Ross, - London, 1895, 1898 (- Patna, 1972;- Delhi, 1986). - P. 535.*

18 Бартольд В.В. *Хайдар мирза // Сочинения*. - М., 1973. - Т. VIII. - С. 598-99.

19 Вельяминов-Зернов В.В. *Исследование о Касимовских царях и царевичах*. - СПб., 1864. - Ч. 2. - С.128-276.

20 *Salemann C. Neue Erwerbungen des Asiatischen Museums. Melanges Asiatiques tires de Bulletin de l'Academie Imperiale des Sciences de St.-Petersbourg, IX, 1880-1888 (St.-Petersbourg, 1888). - P. 321-385.*

21 Куропаткин А.Н. *Кашгар. Историко-географический очерк и ея военная сила, промышленность и торговля*. - СПб, 1879. Микрофильм.

22 Мугинов А.М., Дмитриева Л.В., Муратов С.Н. *Описание тюркских рукописей Института народов Азии. История. Под редакцией А.Н.Кононова*. - М.: «Наука» ГРВЛ, 1963. - Т. I. - 202 с.

23 Мугинов А.М. *Описание уйгурских рукописей Института народов Азии*. - М.: ИВЛ, 1962. - 207 с.

24 Миклухо-Маклай Н.Д. *Описание персидских и таджикских рукописей Института востоковедения АН СССР. Вып. 3: Исторические сочинения*. - Москва, 1975. - № 476. - С. 340-345.

25 Султанов Т.И. «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дуглата. (Литературная история памятника) // *Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. Ежегодник*. 1975. - Москва, 1982. - С. 116-135.

26 Қасқабаяев С. *Золотая жила*. – Астана: Елорда, 2000. – 320 с.

27 Бердімбек Р. *Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер*. – Алматы: Жазушы, 1989 – 360 б.

28 Жолдасбайұлы С. *М.Х.Дулат және XV-XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақ университеті*, - 2000. – 112 б.

29 Дулати Мұхаммед Хайдар. *Тарих-и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей). Жалпы ред. Басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі*. – Алматы: Тұран, 2003. – 616 б.

30 Дулати Мұхаммед Хайдар. *Тарих-и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба)*

References

1 *Derbisali A. Muhammad Haidar Dulat. Biographical and bibliographic reference*. - Almaty, 1999. - 160 p.

2 *Omarbekov Sh. National approach to the history and historiography of Kazakhstan*. - Almaty. 2004. - 388 p.

3 *Kumekov B., Karibayev B. Muhammad Haidar Dulat - history, personality, time*. – Almaty: Aruana, 2004. - 95 p.

4 *Kelimbetov N. The beginnings of Kazakh literature (continuation of artistic traditions). Research*. - Almaty: Ana tili, 1998. - 256 p.

5 *Narayan Koul, Ajiz. Mukhtasar Tawarikh Kashmir 1709. (MS 18 Transcribed 1255) Research Library, Department of History, A.M.U. - Aligarh.*

6 *Sufi G.M.D. Kashmir. Being a history of Kashmir. From the Earliest times to Our Own*. - New Delhi, 1996. - Vol. II. - 833 p.

7 *Mattoo A.M. Kashmir under the Mughals. 1586-1752*. - India, 1988. - 264 p.

8 *Parmu R.K. History of Muslim Rule in Kashmir. 1320-1819*. - Delhi-Bombay, 1969. - 271 p.

9 *Muhammad Zahira d-Din Babur. It doesn't matter. Perseus Press. With Lee*. - Tashkent, 1958 (translated into Kazakh by B. Kozhabekov. Almaty: Zhalyn Publishing House, 1982). - 325 p.

- 10 Amin Ahmad Razi. *Mirza Haidar Dughlat in Haft Iqlim // Mirza Haidar Dughlat as depicted in Persian Sources. Original text, translated and introduced by M.Haidar. - New Delhi, 2002. - P. 98-100.*
- 11 *Ha fi z-i Tany sh i bn Mi r Mu ha mma d Buhari. Sha ra f-na ma-yi sha hi (Books of Shah's Glory): fax. handwritten D 88. [at 4 p.m.]. - M.: «Ha y ka», 1983. - Ч. I. - 298 c.*
- 12 *Ma hmu d bi n Va li. Bahra l-a sra r.*
- 13 *A ki mu ški n O .F. Sha h Ma hmu d i bn Mi rza Fa zi l Chura s // Chronicle. - M. : «Ha y ka», 1976. - C. 69-112.*
- 14 *Ha yda r b. A li Hu sa yn Razi. Ta ri x-i Ha yda ri. Handwritten GPB and m. Salty ko-Shche dri na, PNS - 230.*
- 15 *Myrza Hayda r Duglat, Tarikh-i Rashidi, was also present at the festival. Ga ffa ri individual. - Tehran: Miras School, 2004 (in Persian). - 860.*
- 16 *And sla mi -To rba ti. Slo vo o kni ge «Ta ri x-i Ra shi di» M.H. Du la ti // Muha mme d Ha yda r Du la ti. Think, write, write, write. Proceedings of the International Brain-Theoretical Conference. - Almaty: "Kazakh law", 1999. - p. 164-166.*
- 17 *Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N. Elias. The translation by E. Denison Ross, - London, 1895, 1898 (- Patna, 1972;- Delhi, 1986). - P. 535.*
- 18 *Barrtold V.V. Haidar mirza // So chineniya . - M., 1973. - T. VIII. - C. 598-99.*
- 19 *Velj aminov-Zernov V.V. Ands leto vanie o Kasi mowski x tsaryax and tsarevi chax. - St. Petersburg, 1864. - Part 2. - C. 128-276.*
- 20 *Salemann C. Neue Erwerbungen des Asiatischen Museums. Melanges Asiatiques tires de Bulletin de l'Academie Imperiale des Sciences de St.-Petersbourg, IX, 1880-1888 (St.-Petersbourg, 1888). - P. 321-385.*
- 21 *Kuropatkin A.N. Kashgr. Andstori ko-geograficheskiy ocherk and it is in ennaya sila, pro weshlenno st and thatrgovlya. - St. Petersburg, 1879. Micro film.*
- 22 *Muginov AM, Dmi tri e va LV, Mu ra to v SN The Turkish manuscripts are written by the Institute of Nationality in Asia. And the story. According to her, A.N. Kononova. - M. : «Ha y ka» ГРБЛ, 1963. - Т. I. - 202 c.*
- 23 *Muginov AM The Uruguayan manuscripts are written by the Institute of Nationality in Asia. - M. : I VL, 1962. - 207 p.*
- 24 *Mi klu ho -Ma kla y N.D. The Persian and Tajik manuscripts of the Institute of the East of the USSR are described. Issue. 3: And it seems that skiing is not for us. - Moscow, 1975. - № 476. - P. 340-345.*
- 25 *Su lta but in T.I. "Ta ri x-i Rashi" Mi rza Haida ra Du gla ta. (Literary and historical monuments) // Written monuments of the East. And he said that he was a philosopher who followed us. It's been days. 1975. - Moscow, 1982. - P. 116-135.*
- 26 *Kaskabaev S. Golden year. - Astana: Elord, 2000. - 320 p.*
- 27 *Berdimbek R. Kausar spring. Articles and research. - Almaty: Writer, 1989 - 360 p.*
- 28 *Zholdasbayevich S. M.Kh. Dulat and the Kazakh Khanate of the XV-XVI centuries. Kazakh University, - 2000. - 112 p.*
- 29 *Dulati Muhammad Haidar. Tarih-i Rashidi (translated from the Persian manuscript by Islam Zhemenei). General ed. Directed and written by Absattar Derbisali. - Almaty: Turan, 2003. - 616 p.*
- 30 *Dulati Muhammad Haidar. Tarih-i Rashidi (Persian manuscript)*